

Астана қаласы әкімдігінің  
«№84 «Кәусар» балабақшасы» МКҚК

03-02

**№ 84 «Кәусар» балабақшасының  
2023-2024 оқу жылына арналған  
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

№ 1 педагогикалық кеңесінде қаралды  
(хаттама 2023 жылдың тамызы 31 күні)



2023

## МАЗМҰНЫ

### 1. АҚПАРАТТЫҚ МӘЛІМЕТ

Жалпы мәлімет _____	2
II. 2021 - 2022 оқу жылына арналған Талдау _____	3
III. 2023 - 2024 оқу жылына арналған Жылдық жұмыс жоспары _____	19-39
1..Жоспарлауда ескерілетін негізгі нормативтік құжаттар _____	21
2.Кесте _____	

### 3. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Дене шынықтыру» ҰОҚ(ДШ)

-режимдік сәттер (РС)

-денсаулық күндері (ДК)

-дене шынықтыру сауық-кештері (ДШС)

-дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)

-рационалды теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру (РТТ)

-медициналық-педагогикалық бақылау (МПБ)

### 4. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

-ҰОҚ:

-Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері(АК)

- ҰОҚ-нің қорытынды көрсетілімдері (ҚК)

-Педагогикалық кеңестер (ПК)

-Әдістемелік кеңестер (ӘК)

-Семинарлар

-Әдістемелік кабинеттің жұмысы

### 5. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

-Педагогтерді аттестаттаудан өткізу (ПА)

-Біліктілікті арттыру (БА)

-Кластерлерде жұмыс (КЖ) (әдістемелік бірлестіктер (ӘБ)

-Жас мамандармен жұмыс (ЖМЖ);

### 6. ӘЛЕУМЕТПЕН ЖҰМЫС

-Ата-аналармен өзара ықпалдастық(АЫ)

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер (АКП);

Бірлескен іс-шаралар (БШ)

Мектеппен сабақтастық(МС)

Басқа әлеуметтік институттармен серіктестік

### 7. БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ

Фронталды бақылау (ФБ)

Салыстырмалы бақылау (СБ)

Тақырыптық бақылау (ТБ)

Жедел бақылау (ЖБ)

Мониторинг (М)

Өндірістік жиналыс(ӨЖ)

Әкімшілік жиналыстар (ӘЖ)

## I. АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Жоба қуаттылығы- 295

Мекеменің заңды мекен жайы: Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Аль-Фараби, 2

Мемлекеттік регистрациядан өткендігі туралы:

БСН 150740007557

Балабақшаның Жарғысы:

Техникалық паспорт

Жалпы алаңы:1952,4м2

Салынған жылы: 2015 ж

Медициналық іс-әрекет жұмысының Мемлекеттік лицензиясы:

Лицензия №1 10693DZ

Лицензияның берілген күні: 29 қазан 2012 жыл

Электронды поштасының мекен-жайы: 84.kausar@inbox.ru

№84 «Кәусар» балабақшасы, Аль-Фараби 2 көшесінде орналасқан, жоба қуаттылығы -295 балаға арналған.

№84 «Кәусар» балабақшасы аптаның 5 күндік жұмыс уақытымен істейді. Балалардың болуы - 10,5 сағат. 12 топ, оның ішінде 12 қазақ тілді топтар жұмыс істейді.

Басқарудың коллегиялық мүшелері балабақша кеңесі, педагогикалық кеңес және ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес болып табылады. Балабақша білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде 20 педагог қызмет етеді.

Еңбек қатынасы ұжымдық келісім-шартқа сәйкес жүзеге асырады.

## II. 2022-2023 оқу жылы бойынша қорытынды аналитикалық есебі

№84 «Кәусар» балабақшасы 2022 - 2023 оқу жылына арналған жылдық жоспар бойынша жұмыс ұйымдыстырылған. Балабақша педагогтарының жүктемесі штаттық кестесіне сәйкес жасалған.

Бала бақшасының басқаруы «Білім беру туралы», «Педагог статусы туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, балабақшаның Жарғысына, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту Моделі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы, локальды актілер жинағы сәйкес жүргізіледі және оның тиімді қызметі мен дамуына қажетті жағдайлар жасауға бағытталған.

шанамен сырғанау тәрізді қысқы ойындар ұйымдастырылады. Ойынның әділ бағасын беру үшін, арнайы білікті спорт мамандар шақырылады. Аула түгелдей спорттық ойындарға байланысты безендіріледі. Бұл өз кезегінде нағыз қысқы спартакиаданың тақырыбын аша түседі. Биылғы оқу жылында мектепалды даярлық топтары арасында «Ғажайып қыс-2023» қысқы ойындар спартакиадасы ұйымдастырылды.

### БАЛАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	Тобы (12-топ)	Туған жылы	Оқыту тілі	Бала саны
1.	«Балбөбек» кіші тобы	2020	мемлекеттік	21
2.	«Балауса» ортаңғы тобы	2019	мемлекеттік	31
3.	«Тілашар» ортаңғы тобы	2019	мемлекеттік	32
4.	«Бүлдірішін» ортаңғы тобы	2019	мемлекеттік	32
5.	«Балақай» ересек тобы	2018	мемлекеттік	32
6.	«Ботакан» Ересек тобы	2018	мемлекеттік	32
7.	«Балдырған» ересек тобы	2018	мемлекеттік	32
8.	«Болашақ» ересек тобы	2018	мемлекеттік	32
9.	«Шұғыла» мектепалды даярлық тобы	2017	мемлекеттік	32
10.	«Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы	2017	мемлекеттік	32
11.	«Айналайын» мектепалды даярлық тобы	2017	мемлекеттік	32
12	«Кәусар» мектепалды даярлық тобы	2017	мемлекеттік	32

### «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заң шеңберінде жұмыс жасалуы

Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2022 жылға арналған іс-шаралар

**Педагогикалық ұжымының жылдық мақсаты:**

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, ұлттық құндылықтар негізінде балалардың денсаулығын нығайту, білік дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қамтамасыз ету.

Әдістемелік мақсат:

«Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерге бастапқы экологиялық тәрбие мәдениетін қалыптастыру»

Міндеттер:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуды жетілдіру, дене тәрбиесінің сапалығын дамыту.

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік бағдарларын қалыптастыру, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру және тәрбие процесіне белсенді түрде тарту жұмысын жалғастыру.

3. Экологиялық тәрбие туралы қарапайым білімдер мен дағдыларын қалыптастыру;

- коршаған ортадағы табиғатқа қамқорлықты меңгерту;
- табиғат және оның байлықтарына ұқыпты қарауға үйрету
- педагогтардың кәсібі деңгейін жоғарлату, әдістемелік білімдерін арттыру

2022-2023 оқу жылында №84 «Кәусар» балабақшасының  
ТОПТАР ТІЗІМІ

№	Топтың атауы	Балалар саны
1	Кіші топ «Балбөбек»	25
2	Ортаңғы топ «Тілашар»	30
3	Ортаңғы топ «Балауса»	29
4	Ортаңғы топ «Бүлдіршін»	29
5	Ересек топ «Балақай»	22
6	Ересек топ «Ботақан»	26
7	Ересек топ «Балдырған»	24
8	Ересек топ «Болашақ»	26
9	Мектепалды даярлық тобы «Шұғыла»	34
10	Мектепалды даярлық тобы «Бәйтерек»	33
11	Мектепалды даярлық тобы «Айналайын»	33
12	Мектепалды даярлық тобы «Кәусар»	31

## ТӘРБИЕ-ОҚЫТУ ҮРДІСІ.

### Тәрбие-оқыту үрдісінің нәтижесі

Балабақшадағы оқу-тәрбие іс-әрекеті мемлекеттік тілде жүргізіледі. Оқу-тәрбие жұмысының талаптары мен міндеттерінің орындалуы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын негізге алынған. Осы стандарт тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейді, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы педагогтар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің негізгі көлемін, 2 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балалардың, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында жас ерекшеліктеріне сүйене отырып 1 қыркүйекте мынадай жастық топтар жинақталды:

1 - кіші, 3 - ортаңғы, 4 - ересектер тобы және 4 - мектепалды даярлық тобы бар. Балабақшада 12 топ бөлмесі (қабылдау бөлмесі, ойын, жатын бөлме), педагог-психолог кабинеті, баланың денсаулығын сауықтыруға арналған тұзды бөлме, музыка залы, дене шынықтыру залы, әдістемелік кабинет бар. МДМ әдістемелік жұмыс – бұл педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдірудің негізгі жолы, барлық ұжымның шығармашылық күшін дамыту, оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін және сапасын көтеру. Балабақша жұмысының табыстылығы көп жағдайларда кадрлармен әдістемелік жұмыстың сапасына байланысты.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту жұмысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында, 2022-2023 оқу жылына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын негізге ала отырып, базистік оқу жоспары жасалды. Оқу жүктемесі білім беру салалары арқылы жүзеге асырылады. Білім беру саласы, ішінде физикалық, интеллектуалды, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін азайтылған, бірақ функционалды толық білім жиынтығы кіретін мектепке дейінгі білім берудің құрама бөлігі.

### Жұмыстың нәтижесі

Балалардың физикалық денсаулығын ойлауға және тіршілік іс – әрекеттерінің қауіпсіздік ережесін сақтауда: қозғалыс дағдыларын меңгеріп, түрлі оқиғаларға қатысты өзінің эмоциялық күйін білдіруде, денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас тазалық дағдыларын толық меңгеруге мүмкіндік жасалынды. Дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі жас баланың ағзасы мен ішкі құрылысының жұмысын жақсартуға және аурулардың алдын алуға, дұрыс бой – бітімін қалыптастыруға өз септігін тигізе отырып, балаларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиеленеді. Балабақшамызда салауатты өмір салтын кеңірек насихаттау және дене шынықтыруға, спортпен айналысуға көпшілікті тарту мақсатында, жыл сайын қысқы спартакиада спорттық жарыстар «Ғажайып қыс» атымен қалалық деңгейде өткізіліп отырады. Бұл жарыста шаңғы тебу,

жоспары қаңтар айында әзірленді. Жоспарға сай жүйелі түрде мемлекеттік тілдің өзекті мәселелеріне арналған семинарлар, дөнгелек үстел отырыстары өткізіліп отырды. Балабақша ұжымы жоспарланған әрбір іс-шараға ерекше жауапкершілікпен қарап, іс-шара барысында өздерінің шығармашылықтарын жоғары деңгейде көрсете алды Қазақстан халқы тілдерінің XXIII фестиваліне арналған «Тіл мерекесі – ортақ мереке» атты апталық ұйымдастырылды. Апталыққа барлық топ ерекше дайындықпен қатысты.

Балабақша ішілік жарыс ретінде және мемлекет рәміздерін, олардың ерекшеліктерін, мағынасын білу мен тілдерге қызығушылық, Қазақстан Халықтарының мәдени мұрасына құрмет қалыптастыру, толеранттылыққа тәрбиелеу. Шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін көрсете білу мақсатында «Қазақ тілі – Қазақстан халқының ортақ тілі» атты ойын-викториналық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарада балабақша қызметкерлері екі командаға бөлініп, бақ сынасты. Екі команда қазақша викториналық сұрақтарға қоса тақпақтар мен әндер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар айтып жарысты.

#### 2022-2023 оқу жылы бойынша білім беру ұйымдарындағы жұмысын жүзеге асыру тиімділігі

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған ертеңгіліктер. «Менің сүйікті балабақшам», «Тіл мерекесі- ортақ мереке», «Берекелі Алтын күз!» ертеңгіліктер мен көрмелер ұйымдастырылды. Балабақшамызда тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай апталық өтті. 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай, балаларға ҚР тәуелсіздік құндылығын түсіндіру, туған елін, жерін сүйе тәрбиелеу мақсатында «Біз – Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» атты іс-шара өтті. Мереке барысында балалар тақырыпқа байланысты өлең шумақтарын оқып, өнерлерін көрсетті. «Қыс мезгілі қонақта» тақырыбындағы қыс мезгіліне арналған тәрбие сағаттары ережеге сай әр топта ұйымдастырылды.

Наурыз айында «Ақ анашым, аппағым», «Ырысын шашқан Наурыз», «Ұлт бірлігі - ұлы байлық», «Бейбіт күн жасасын әлемде», «Қош бол, менің сүйікті балабақшам!» әр топта ертеңгіліктер мен тәрбие сағаттары өткізілді.

#### Қосымша ақылы білім беру қызметтері:

Балабақшада жоспарланған қосымша білім беру қызметтері балалардың денсаулығын жақсарту, театрға және спортқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жұмыс атқарады.

Білім беру бағдарламасының Денсаулық негізі бағытында тұзды шахта;

- Танымдық белсенділікті түзету негізі бағытында – дефектолог кабинетінде;

-хореограф, шахмат, бассейн, тұзды шахта

### 3. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылындағы педагогтар жетістіктері

**Алғыс хат** ҚР-ның Тұңғыш президенті Н. Назарбаевтан. Б.Т. Кайыргалиева

**Алғыс хат**, «Бақытты балалық шақ» атты республикалық байқауы Ахметжанова Гульпану Жанайдаровна

**Сертификат** Брейн-Ринг байқауына қатысқан үшін Жакыпбекова Гульмира Турганбекова

**Сертификат**, Біз мектепке барамыз атты акция, «үздік шығармашыл іс-әрекет» Тулебаева Маржан Кабдыгалиевна

### Тәрбиеленушілер жетістіктері

Диплом I дәрежелі III Республикалық «Ақ көгершін» Kausar Star

Лауреат дипломы II дәрежелі «болашақ» вокал тобы

Брейн-Ринг байқауына қатысқан үшін ересек топтары «Жас инспектор» номинация бойынша марапатталды.

### 4. БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАНЫ МЕНГЕРУ МОНИТОРИНГІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын (ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы); менгеруің мониторинг жүргізілді.

Бағалауын анықтауға критериялар «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша» Әдістемелік ұсынымдарынан алынды.

Балабақша педагогтары ұйымдастырылған іс-әрекетінде балаларды жан-жақты дамытуда мектеп жасына дейінгі балаларға арналған компьютерлік ойын дискілерін қолдана отыра, оқу үрдісін қызықты, өз уақыттарын ұтымды пайдаланды;

- балалардың өмірі мен денсаулығын нығайтуда жағымды жағдай тудырып, демалыс пен әр түрлі іс-әрекеттерді кезектестіріп отырды;

- эмоционалды және психологиялық жағымды жағдай жасалынды;

Кәсіби шеберлікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар (педкеңес, ұйымдасқан ашық оқу қызметтері, семинарлар және т.б.), Жыл бойына 5 педагогикалық кеңес жоспарланып мынадай сұрақтар қаралды:

-«2023-2024» жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

-«Салауаттылық-денсаулық кепілі»

-«Баланың сөйлеу мәдениетін жетілдіру»

-2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының мақсаты мен міндеттерінің орындалуы

Педагогикалық кеңестерде тәрбиешілер өз іс - тәжірибелерімен бөлісіп, мынадай тақырыптар бойынша өз ойларын ортаға салып отырды:

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

- Балалардың тілін және ойлау қабілетін сезім тәрбиесі арқылы дамыту;



- Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Балалармен жүргізілетін оқу үрдісі мен іс-әрекеттеріне мониторинг жасау.
- Балалардың тілін және ойлау қабілетін сезім тәрбиесі арқылы дамыту.

«Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты сөздік қоры мен байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту» жас мамандарға кеңес, «Ойнай білесің бе?» тренинг, - тақырыптарында семинар өткізе отырып тәрбиешілердің біліктілік деңгейлерінің жоғарылауына әсер етілді. Ашық іс-шаралар өткізу барысында мамандардың басым көпшілігіне ақпараттар мен насихаттық материалдарды ойындық таным әрекеттерінде қолдану қиындықтары болды. Жас мамандар ойын түрлерінде өткізілген ашық іс-шараларға ерекше қызығушылық танытумен көзге түсіп, тәжірибелі тәрбиешілер ұйымдастырған ашық оқу қызметтерінде өткізді.

Алдағы уақыттағы міндеттер

Мемлекеттік стандартты басшылыққа алып әдістемелік шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастыру. Шығармашылық топқа балалармен бірге атқарылған жұмыстардың көрмесін ұйымдастырып, бір-бірінен іс-тәжірибе алмасып, араласудың қызықты түрлерін көрсетудің үлгі жоспарларын жасау. Оқыту мен мектеп жасына дейінгі балаларға арналған компьютерлік ойындарын меңгеру сапасын арттыру және ата-аналарды балабақша өміріне белсене қатыстыру.

2023-2024 оқу жылында туындаған мәселелер әдістемелік отырыстарда, ата-аналар жиналыстарында, педагогикалық кеңестерде қаралып, меңгеруші жанындағы кеңесте тәрбиешілер мен мамандарға дер кезінде психологиялық кеңестер, таратылмалы ұсыныстар беріліп отырды. Әрбір топтың психолог-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық кеңестер төмендегі тақырыптарды қамтыды:

- «Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығының негізгі бағыттары»
- «Ашуланшақ балақай»
- «Балаға айтуға болмайтын 10 сөз»
- «Шаршау және оны қалай жеңуге болады?»
- «Баланы неге ұруға болмайды?»

Мектепалды даярлық топтары «Баланың мектепке дайындаудың психологиялық-педагогикалық негіздері» тақырыбында баяндама және слайд материалдары дайындалып топ тәрбиешілеріне ұсынылды.

## 5. ӘЛЕУМЕТПЕН ЖҰМЫС

Отбасымен бірлестік

Режимдік сәттер №615 Санитариялық ережелер талаптарына сай өткізілген. Жоспар бойынша дене шынықтыру мерекелер мен сауықтыру шаралар жоғары деңгейде жүргізіледі.

Тәрбие-оқу үрдісі әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Балабақшада жүзеге асырылатын іс-шараларының мақсаттары мен міндеттері медициналық-педагогикалық бақылауының шынықтыру тәрбиесін жетілдіру, соматикалық ауруларды төмендету, педагог және ата-аналар арасындағы ағартушылық жұмыстарының сапасын арттыру. Балалардың денсаулығын нығайту және

өмірін қорғау бойынша жұмыстар (нормативтік-құқықтық құжаттармен танысу, тиімді тәртібін құрастыру, балабақша балаларының жанындағы қоршаған әлемнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету) іс-шараларға жүйелі енгізіледі.

ҚР ДСМ бекіткен рационалды теңестірілген тамақтануды ұйымдастыру күшейтілген. Емдік тағамдар: жеміс жидектер, қымыз, жуа, сарымсақ, кептірілген жемістер, С дәрумені, тамақ құрамында көкөністерді, жемістерді, шырындар, аскөктерді шикі күйінде пайдалануын, балалардың дұрыс тамақтану процесінің ұйымдастырылуын қадағалау мед. қызметкерлер жүктелген.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің күнтізбесіне сәйкес 100% балалардың профилактикалық егулерін іске асырады. Барлық топтарда санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын, балалардың жатын бөлмесінің тазалығы, балалардың ұйықтауға арналған киімдері, төсек нөмірлерінің сәйкестігіне және медициналық тұрғыда міндеттелген жұмыстардың барлығына медициналық-педагогикалық бақылау жасалынды.

Барлық топтарда ата-аналар жиналыстары өткізілді: балабақша тәрбиешілері ата-аналарға педагогикалық, әдістемелік көмек көрсетті, туындаған мәселелерді шешу уақытында жүргізілді. Әлеуметтік желі арқылы байланыста болады, балалардың жетістіктерімен таныстырады. Жазбаша кеңестерді жарияланады:

«Компьютердің пайдасы мен зияны» туралы ұсыныс кеңестер

«Балаңызды мектепке беруге дайынсыз ба?»

#### **Жұмыстың нәтижесі**

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізгі ортасы ол отбасы болып табылады. Ата-аналарды балабақша өміріне қатыстыру жаңа заман жағдайында үйлесімді шешуді талап етеді. Сондықтан балабақша ата-аналармен жұмысты келесі негізгі принциптерді ұстана отырып ұйымдастырды:

- отбасының балабақша өміріне белсене араласуына жағдай тудыру;
- бала тәрбиесінде педагог пен ата-ана арасындағы байланыстылық; отбасында және балабақшада баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына белсенді дамыту орталығын жасау;
- баланың тәрбиесі мен дамуына байланысты туындаған жалпы және жеке мәселелер бойынша диагностика жасау;

Балаларға белсенділік орталықтары арқылы әр балаға қалаған ісін таңдауға өз ойларын ашық айтуға, ересектермен өзін еркін сезінуге жалпы ойлау қабілетін дамытуға, істеген ісіне жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік берілген. Балабақшаның ата-аналар комитеті белсенді жұмыс атқара отырып, балалардың тамағын, азық-түліктерді дайындауды бақылауға алып, балабақшаның басқа да жұмыстарына қатысып отырды. Жылдық жоспарда жалпы және топтық ата-аналар жиналысы, сонымен қатар ата-аналардың қатысуымен ертеңгіліктер, спорттық мерекелер, сауықтыру шаралары т.б. іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді. Ата-аналармен кеңестер, әңгімелер, сауалнама, тренингтер жүргізілді. Ата-аналар үшін топта бұрыш ұйымдастырылған. Ата-аналар балабақша

қабырғасында ұйымдастырылып өтілетін іс-шараларға толық қатыстырылып отырды. Медицина қызметкерлерінің әр маусымға байланысты санбюллетендері шығарылып, педагогтар әр түрлі қабырға газеттері шығарылды.

Көптеген ата-аналар пікірлер мен ұсыныстарды өздерінің балаларының тәрбиесіне деген қызығушылықтары туралы және педагогикалық ұжымға өз ұсыныстарын білдіріп отырды. Осындай жұмыстарды атқарудың нәтижесінде ата-аналар бала тәрбиесіне деген жауапкершіліктерін сезінді.

Алдағы уақыттағы міндеттер:

- Балабақшада ата-аналарды оқу-тәрбие қызметінің белсенді мүшелері болуға бағыттау;

- Отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынас дұрыс жолға қою.

Балабақша мен отбасы арасындағы өзара сабақтастықтың нәтижесінде ата-аналардың педагогикалық мәдениеті мен әртүрлі отбасылық тәрбиелеудің дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерін қолдану үрдісі жоғарылату.

Баланың жан-жақты болып өсуіне қажетті әр түрлі ойындар мен табиғат бұрышы және баланың жас деңгейіне қарай заттық-дамыту ортасы топтастырылған. Барлық топ жиһазбен, ойыншықтармен, ұйымдастырылған оқу қызметіне керекті көрнекі құрал-жабдықтармен балалардың жасына қарай, бағдарламаның талабына сәйкес толықтырылды. Топтардағы заттық – дамыту орталықтары керекті материалдармен талапқа сай ұйымдастырылған. Балалар шығармашылығына арналған магнитті-маркерлі тақтайлар, интерактивті тақта, теледидарлар бар. Әдістемелік бөлме, музыка залы, психологтың, дәрігер маманының кабинеттері өз қызметіне сәйкес қажетті құралдарымен жабдықталған, барлық мамандар компьютерлер және принтерлер мен қамтылған, балалардың ойын алаңдары жаңартылып, топтардың іші баланың жас ерекшелігіне сай жиһаздармен толықтырылды. Асханаға барлық қажетті ыдыс-аяқтармен және электр приборлармен қамтылған.

Алдағы уақыттағы міндеттер

2022-2023 оқу жылында келесі мәселелерді шешу жұмысы көзделіп отыр

1. Музыка залына қажетті құрал-жабдықтарды толықтыру.
2. Шынықтыру шараларын жүргізуге арналған кешенді жабдықтау. Барлық қажетті заттармен қамтамасыз етілген, қазіргі технологияға сай жабдықталған, жаңа үлгідегі балабақшалардың бірі болу.
3. Топтардағы ойыншықтарды толықтыру, жаңарту.
4. Әдістемелік құралдарды толықтыру.

### **Қорытынды:**

Тәрбиелеу мен білім беруде ұлттық құндылықтарға негізделген денсаулық сақтау технологиясын пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту, сөйлеу тілін дамыту, білім беру сапасын арттыру мақсатында таңдап алынған «Ұлттық құндылыққа негізделген денсаулық сақтау технологиясы» тақырыбы аясында елеулі жұмыстар атқарылды. Ең басты құнды дүние «Салауатты

ұрпақ» мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге арналған дамытушы ойындар әдістемелік құралы әзірленді. Дамытушы ойындар Үлгілік оқу бағдарламасының бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың оқу қызметі мен тәжірибелік іс-әрекеттерінде зияткерлік қабілеттерін дамытуға және өмірлік дағды қалыптастыруға, баланың ой-қиялын шарықтатуға бағытталған. Балабақшадағы ұйымдастырылған оқу қызметі және бос уақыттарындағы ойын, бақылау, еңбек әрекеттерінде тәрбиеші педагогтар, отбасында ата-аналар, сондай-ақ, қосымша білім беру қызметінде де пайдалануға арналған. Жеті сериядан құрастырылған дамытушы ойындар мектепке дейінгі балалардың ойнай отыра тілін дамытып, патриоттық тәрбиелейді. Сондай-ақ, тірі және өлі табиғат туралы, табиғатта өзін ұстау туралы ережелерін сақтау және қоршаған орта туралы таным-түсініктерін дамыту, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап, қамқорлық жасай білетін ұлттық құндылықтар негізінде салауатты ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

№84 «Кәусар» балабақшасының  
2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

**I. БӨЛІМ**

**Мақсаты:**

Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы жұмысын ұлттық құндылықтар мен заманауи тәрбие бағыттарына негіздей отырып, балаларға ана тілін еркін меңгертетін, сөйлеу мәдениетінің бастапқы негіздерін жақсы қалыптастыратын тәрбие мен кеңістігін құру.

**Міндеттері:**

1. Балалардың денесін шынықтыру мен денсаулығын нығайтуды оқыту процесі мен күн тәртібінің барлық кезеңдерінде дәстүрлі және инновациялық әдістер қолдану.
2. Отбасымен ынтымақтаса отырып, балалардың ана тілін жетілдірудің тиімді және ықпалды жолдарын ойластып, танымдық-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.
3. Балаларды әлеуметтендірудің психологиялық-эмоционалдық дайындығын педагогикалық үрдіс және психологиялық қызмет арқылы жүзеге асыру.
4. Тәрбиелеу мен оқыту үрдісі барысында балалардың қазақ халқының ізет нормаларынан бастап, әдебиет, өнер, колөнер, ата-бабабымыздың тұрмыс тіршілігі жайлы ұлттық құндылықтарды қарапайым негіздерін қалыптастыру.
5. Педагогтардың тәрбие мен білім берудің заманауи технологиялар туралы білімдерін кеңейтіп, тиімді пайдалану әдістерін шыңдау.

Жұмыс барысында басшылыққа алынатын мөлшерлі-құқықтық құжаттар

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

	Негізгі құжаттардың атауы	Негізгі құжаттардан алынған іс-шаралар, нұсқалар
1	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007ж. №319-III ҚРЗ Заңы. (2016. 09. 04 берілген өзгерістері мен толықтырулары)	Білім аймағындағы қоғамдық қатынасты осы заң реттейді, мемлекеттік саясат аумағында негізгі принципті белгілейді және ҚР азаматы білім алуына Конституциялық құқықпен қамтамасыз етуіне бағытталады.
2	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.	Заң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

3	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамызындағы №345-ІІ ҚР Заңы	Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.
4	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» ҚР 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы	Ойыншықтарға қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары, ойыншықтар қауіпсіздігін растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеусаласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
5	Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы  Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы.	Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.
6	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту Моделі	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген. Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағида тартарын айқындау.
7	Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары 15.03.2020	Мектепке дейінгі ұйымдардағы және сәбилер үйлеріндегі персоналды медициналық тексеріп-қарауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.
8	«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 бұйрығы. осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті	Осы Стандарт: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады; балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс,

	стандарты	бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды; Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.
9	«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 ыркүйектегі № 394 бұйрығы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС-ның білім беру бағыттары: физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша жас кезеңдеріне бөлуі ескере отырып, педагогикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.
10	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша	Бағдарлама мазмұнын іске асыру, балалардың жан-жақты дамуын, олардың денсаулығын сақтау, келесі жас кезеңіне сәтті өтуін қарастырады.
11	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары бекітілген.
12	Педагог қызметкерлер мен оларға тенестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары.	Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік (орта білімнен кейінгі), арнайы, мамандандырылған, қосымша білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан қолдануы үшін міндетті
13	Жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормалары.	Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормалары белгіленген.
14	Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары	Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау

		тәртібін айқындайды.
	Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы	

## 1.2. Тіл туралы заңды іске асыру шаралары

Мақсаты: Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту

№	Мазмұны	Мерзімі	Өту түрі	Жауаптылар
1	Тілдерді қолдану мен дамытудың 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын жасау. Тілдерді дамыту басқармасымен келісу, бекіту және оны іске асыру.	қаңтар	өндірістік жиналыс	әдіскер
2	Құжаттарды мемлекеттік тілде сауатты жүргізу.	қаңтар	өндірістік жиналыс	әдіскер
3	Қалалық іс-шараларға қатысу	қалалық жоспарға сәйкес	меңгеруші жанындағы жиналыс	әдіскер тәрбиешілер
4	«Мемлекеттік тілде іс жүргізуші үздік мекеме» қалалық байқауына қатысу.	қалалық жоспарға сәйкес	өндірістік жиналыс	әдіскер
5	Ертеңгіліктер мен сайыстарды сауатты ұйымдастыру.	жыл бойы	Меңгеруші жанындағы жиналыс	әдіскер тәрбиешілер

## II – бөлім САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Тақырыбы: «Дені сау, ойы жинақ бала - балабақша көркі»

Мақсаты: табиғи сауықтыру факторлар мен денсаулық сақтау технологиясын пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша балалардың қимыл -қозғалыс белсенділігін арттыру.

№	Іс – шаралар	Мерзімі	Өту түрі, қайда қаралады?	Жауаптылар
	<b>Дене шынықтыру және сауықтыру-шынықтыру шараларын ұйымдастыру</b>			
1	Дене шынықтыру және сауықтыру іс-шараларына, музыка залдарына жағдай жасау, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.	тамыз	меңгеруші жанындағы жиналыс	меңгеруші есепші шаруашылық меңгерушісі музыка жетекшілері
2	Шұғыл бакылау: Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу	ақпан ортаңғы топтар	меңгеруші жанындағы жиналыс	дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер



	кызметі, кимыл-козгалыс ойындары			
3	Балалар арасында спорттык эстафеталык жарыстар, мерекелер, ойын-сауыктар өткізу.	караша ақпан сәуір	меңгеруші жанындағы жиналыс	әдіскер дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер
4	Балабақша қызметкерлері арасында спорттык сайыстар өткізу.	желтоқсан мамыр	кәсіподақ комитетінің отырысы	әдіскер кәсіподақ комитеті
5	«Денсаулық күні» мерекесін өткізу.	караша ақпан маусым тамыз	меңгеруші жанындағы жиналыс	әдіскер дәрігер мейірбике дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер
6	Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетін бақылау.	желтоқсан наурыз	өндірістік жиналыс	әдіскер дәрігер мейірбике
<b>Жол жүру ережесін сақтау бойынша атқарылатын жұмыстар</b>				
1	«Жолда жүру ережесін сақтаймыз!»	караша қаңтар	әдістемелік сағат ҮІӨ	әдіскер Ортаңғы топтар
2	«Бағдаршамға қарамай, ала жолды аттама»	караша	әдістемелік сағат ертегі	Ересек тобы
3	«Жол тәртібін білейік»	сәуір	әдістемелік сағат Ойын-сауық	Мектепалды даярлық топтары
4	Қалалық «Брейн-ринг» сайысына қатысу	қалалық жоспар бойынша	әдістемелік сағат сайыс	мектепалды даярлық топтары
<b>Педагогикалық - психологиялық жағымды ортаны ұйымдастыру</b>				
1	Педагог - психолог кабинетінің жұмыс жоспарын бекіту.	қыркүйек	меңгеруші жанындағы жиналыс	меңгеруші педагог- психолог
2	Бейімделу процесіне материалдар жинақтау.	жыл бойы	портфолио	педагог- психолог
3	Балабақшаға балалардың бейімделу процесіне материалдар жинақтау, бейімделу процесін анықтау.	жыл бойы 3 ай сайын қыркүйек желтоқсан сәуір шілде	ақыл-кеңестер, сауалнамалар, жеке сұқбаттар	педагог- психолог мейірбике
4	Мектепалды даярлық топтарының мектепке баруға психологиялық дайындығы.	мамыр	№5 пед.кеңес	педагог- психолог
5	Қызметкерлермен жеке жұмыстар жүргізу.	жыл бойы	жеке сұқбат	педагог- психолог
6	Қызметкерлермен	жыл бойы	барлық пед.кеңес	педагог- психолог

	психологиялық іскер ойындар өткізу.			
7	Сауалнамалар өткізу, қорытындысы.	жыл бойы	№5 пед. кеңес	педагог- психолог
<b>Азаматтық қорғаныс бойынша өткізілетін іс-шаралар</b>				
1	Азаматтық қорғаныс жоспарын бекіту, таныстыру.	қыркүйек	өндірістік жиналыс	менгеруші әдіскер
<b>Рационалды тенестірілген тамақтануды ұйымдастыру</b>				
1	Тамақ сапасының дұрыс ұйымдастырылуын бақылау	Қыркүйек		Дәрігер Ем дәм мейірбике
2	Емдік тағамдар: -жеміс жидектер, -жуа,сарымсақ, -кептірілген жемістер -С дәрумені	Желтоқсан		Ем дәм мейірбике
3	Тамақ құрамында көкөністерді -жемістерді аскөктерді шикі күйінде пайдалану	Наурыз		Дәрігер, Ем дәм мейірбике
4	Балалардың дұрыс тамақтану процесінің ұйымдастырылуын қадағалау.	Мамыр		Дәрігер, Ем дәм мейірбике Ем дәм мейірбике, Кәсіподақ комитетінің төрайымы
<b>Медициналық-педагогикалық бақылау</b>				
1	Барлық топтарда санитарлық- гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау	Қазан		Дәрігер , медбике
2	Балалардың жатын бөлмесінің тазалығы,балалардың ұйықтауға арналған киімдері,төсек нөмірлерінің сәйкестігі	Сәуір		Дәрігер, медбике

### III – бөлім БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Педагогикалық кеңестер

Максаты: «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту Моделін ойын негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы арқылы ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру»

#### № 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Максаты: «Тәрбие –білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру»

Тақырыбы: 2023-2024 жаңа оқу жылында білім беру мен тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру.

Өткізу түрі: Ақпараттық «САЯХАТ» ӘДІСІ 31 тамыз 2023 жыл

	Мазмұны	Жауаптылар
	<p><b>Күн тәртібі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Білім беру қызметкерлерінің қалалық Тамыз кеңесінде қарастырылған материалдарымен таныстыру.</li><li>2. Мектепке дейінгі мекеменің жазғы мезгіліндегі балабақшаның жұмысына талдау.</li><li>3. Балабақшамызда эксперименттік алаң ашу және тақырыбын таңдау, жоспар құру.</li><li>4. Сондай-ақ, инновациялық жоба тақырыбын таңдау, жоспар құру.</li></ol> <p>2023 – 2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>-мамандардың ұйымдастырылған қызметі кестесін бекіту;</li><li>- перспективтік жұмыс жоспарлары ережесін бекіту;</li><li>- таңғы жаттығу кестесін бекіту;</li><li>- күн тәртібін бекіту.</li></ul> <ul style="list-style-type: none"><li>- Аттестациялық комиссия мүшелерін сайлау.</li><li>-Қамқоршылық кеңес туралы ереже</li><li>- Педагогикалық кеңес туралы ереже;</li><li>- Тәлімгерлер кеңесі туралы ереже</li></ul> <ol style="list-style-type: none"><li>5. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы есеп.</li><li>6. Шешім, келесі педагогикалық кеңестің барысымен таныстыру. Анықтама беру.</li></ol>	<p>менгеруші</p> <p>әдіскер</p> <p>әдіскер</p> <p>педагог-психолог</p>

## №2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

**Тақырыбы:** Салауаттылық – денсаулық негізі

**Мақсаты:** денсаулық сақтау технологиясын пайдалану арқылы балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға арналған іс – шараларды жүзеге асыру (ұлттық құндылықтарға негізделген).

**Өткізу түрі:** «СИҚЫРЛЫ БЕС САУСАҚ» ӘДІСІ қараша айы 2023 ж

№	Мазмұны	Жауаптылар
1	Психологиялық тренинг №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.	педагог-психолог әдіскер
2	Талқылау сұрақтары: - Салауатты өмір салтын қалыптастыру. - Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы. - Ұлттық ойындар арқылы дене тәрбиесі ұйымдастырылған қызметінде балалардың негізгі дене қасиеттерін қалыптастыру.	әдіскер  тәрбиешілер, мамандар
3	3.1 Тақырыптық бақылау: 3.2 Презентация «Денсаулықты сақтау дағдылары»білім беру бағыты бойынша ұлттық ойындарды ұтымды пайдалану жолдары.	әдіскер дене шын.нұс.
4	«Бала тәрбиесінде ұлттық ойынның маңызы» Ұлттық ойындарға арналған дидактикалық ойындар.	Тәрбиешілер
5	«Жақсы көңіл-күй жан азығы»	музыка жетекшісі
6	Презентация: «Салауатты ұрпақ – дені сау ұрпақ»	ортаңғы топтары тәрбиешілір
7	«Денсаулық – зор байлық» спорттық мерекесі	дене шынықтыру нұсқаушысы
8	Тәжірибе алмасу: «Ұйқымызды ашайық» ұйқыдан кейінгі жаттығулар кешені.	«Балбөбек» кіші топ тәрбиешілер

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТЕР(ӘК)

**Мақсаты:** Балабақша педагогтарына әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби, құзыреттілік және ғылыми-әдістемелік деңгейін өсуіне жағдайлар жасау, әдіс тәсілдерді қолдану арқылы командалық жұмысын, педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Әдістемелік кеңестің жұмысының жоспары

№ 84 мектепке дейінгі мекеменің әдістемелік кеңесінің құрамы:

1.Маратова Г.М. – төрайым, әдіскер

2.Оралгазина Р.С . – педагог-психолог

### №1 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

№	Мазмұны	Жауаптылар
1	2023-2024 жж. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру.	Әдіскер
2	Тәрбиелеу-білім беру процесі, циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар.	Әдіскер
3	Заттық –кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұны	Тәрбиеші
4	Кіші жастағы балалардың бейімделу деңгейі.	Психолог
5	Тәрбие-білім беру процессіне инновациялық технологияларды енгізу.	Әдіскер
6	Бастапқы мониторинг жүргізудің ерекшеліктері, қорытындысы	Әдіскер

### №2 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

№	Мазмұны	Жауаптылар
1	Тәрбие-білім жұмысын жоспарлаудың және құжаттардың жағдайы.	Әдіскер Шығармашылық топ
2	Талдау: Шынығу орталығы және кітап орталығы жағдайы.	Әдіскер
3	Талдау: Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша атқарылған жұмыстар.	Әдіскер
4	Ағымдағы мәселелер	Әдіскер

### №3 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

№	Мазмұны	Жауаптылар
1	Шығармашылық жұмыстар мен зерттеу іс – әрекеттерін дамыту	Әдіскер
2	«Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» ойындар жиынтығын қортындысы.	Әдіскер
3	Мәдени-гигиеналық машықтарын қалыптастыру.	Әдіскер

4	Күн тәртібінің орындалуы.	
	Балалардың мектепте оқуға дайындығы.	Әдіскер

### СЕМИНАРЛАР

№	Тақырыбы	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<b>Семинар-практикум</b> Балабақшаның оқу-тәрбие процесіне денсаулық сақтау технологиясын енгізу мүмкіндігі «Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту»	Балабақшаның оқу-тәрбие процесіне денсаулық сақтау технологиясын енгізу мүмкіндігін ашып көрсету. Педагогтардың денсаулық және салауатты өмір салты туралы білімдерін жүйелеу және бекіту.	Қараша	Әдіскер Шығармашылық топ
2	<b>Семинар</b> Білім беру процесіндегі ерекше білімді қажет ететін балалармен әлеуметтендіру және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету	МҰ қызметінде STEAM ойындар ақылы баланың тілін ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, сыни ойлау дамыту.	Қаңтар	Әдіскер Шығармашылық топ
3	<b>Семинар-практикум</b> Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік тәрбие берудің жаңашыл жолдарын насихаттау.	Педагогтардың шығармашылық әлеуетін, ұлттық тәрбие мәселесіне қатысты құзыреттілігін дамыту, балалақша педагогтары арасында тығыз ынтымақтастық орнату.	Наурыз	Әдіскер Шығармашылық топ

### № 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

**Тақырыбы:** Баланың сөйлеу мәдениетін жетілдіру

**Мақсаты:** Елін, жерін сүйюге арналған шығармалар арқылы, елжандылыққа тәрбиелей отыра, сөйлеу мәдениетін театр арқылы дамыту.

**Өткізу түрі:** «Мен зерттеушімін» әдісі қаңтар айы 2024 ж

№	Педкеңес алгоритмі	Жауаптылар
1.	<b>Тақырыптық бақылау .</b> Балалардың тілдерінің даму деңгейі « Индикатор - балалардың құзыреттілік дамуының көрсеткіші»	әдіскер
2	<b>Кластер әдісі:</b>	Ересек топтарының тәрбиешілері
2.1.	«Ойындар коммуникативтік сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру»	
2.2.	«STEAM ойындар ақылы баланың тілін, ауызекі сөйлеуін, сөздік қорды қалыптастыруды, сыни ойлауын дамыту»	Ортанғы топтарының тәрбиешілері
2.3.	«Балаларды дамытудағы танымдық құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру құралдары»	Кіші топтарының тәрбиешілері
3	«Ойындары арқылы әлеуметтік білім, білік дағдыларын қалыптастыру»	Педагог-психолог
3.1	Педагогтарды аттестаттау жұмысының нәтижесі.	меңгеруші
4.	<b>Педагогикалық ой-салулар қоры</b> (тәжірибе алмасу):	Мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері
4.1	«Ойын шеберханасы арқылы креативті шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік іс-әрекетін дамыту»	
5.	<b>Құқықтық сауат ашу</b> ҚР Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 Бұйрыққа қосымша ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. ҚаР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы	меңгеруші

**Педкеңеске дайындық. Көрме**

1.	«Ойыншықтар әлемі қызықты» (жаңашыл ойыншықтар жәрменкесі)	Барлық топтар	Педогогтар, тәрбиешілер
----	--	---------------	-------------------------

### № 4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

**Тақырыбы:** Отанға, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиеленеді, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерін театрландырылған ойындармен дағдыландыру.

**Өткізу түрі:** «ОЙЛАН-ЖҮПТАС-БӨЛІС» сәуір айы 2024 ж

№	Педкеңес алгоритмі	Жауаптылар
1.	<b>Тақырыптық бақылау:</b> 1.Консультативті пункт жұмысының жүргізілу деңгейі. 2.Қамқаршылық кеңес жұмысының жоспар бойынша орындалуы.	Меңгеруші
2	<b>Презентация</b> <b>«Психолог пен ата-ананың өзара әрекеттесуінде дәстүрлі әдістерді қолдану жұмыстары»</b> «Туған жер –алтын бесік» жалпыадамзаттық, мәдени және адамгершілік құндылықтары арқылы ұлттық мәдениетке, патриотизмге тәрбиелеу»	Психолог  Әдіскер
3 3.1	<b>Тәжірибе алмасу:</b> «Ұлттық ойындармен балаларға патриоттық,адамгершілік құндылықтарды дарытуарқылы креативті және сыниойлауын дамыту»	Барлық топтар
4	<b>Кеңес:</b> Мектепке дейінгі ұйымның жағдайында «Ата-ана- бала -педагог» ынтымақтастық жұмысының үлгісі	Психолог
5	<b>Құқықтық сауат ашу</b> Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 10 маусымдағы N 337 Бұйрығы.	Меңгеруші

#### Пед кеңеске дайындық. Жәрмеңке

1.	Жәрмеңке дамыту ойындары «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады» ойындар жиынтығы.	Барлық топтар	Педогогтар, тәрбиешілер
----	---	---------------	-------------------------